

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК ЖЕРЛЕРГЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА 125 ВОКЗАЛ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ҚАМТЫЛДЫ. ШАҒЫН ВОКЗАЛДАР НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛҒАН ЖОҚ. ОЛАР ЖОЛАУШЫЛАРҒА ДА, ВОКЗАЛ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ДА ЖАЙЛЫ БОЛА ТҮСПЕК. МҰНДА МЕРДІГЕРЛЕР ЖАРТЫЛАЙ БӨЛШЕКТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗІП, НЫСАНДАРДЫҢ СЫРТЫ МЕН ІШІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІП, ӘРЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫН АТҚАРАДЫ.

Марат ҚАРАБАЕВ,
ҚР Көлік министрі



№41 (3080)
30/05/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ПЕРВЫЙ ТУРИСТИЧЕСКИЙ ПОЕЗД ИЗ СИАНЯ В АЛМАТЫ

Вчера, 29 мая, из китайского города Сианя торжественно отправился первый туристический поезд в Алматы, знаменуя собой начало нового этапа в развитии крепких связей между Казахстаном и Китаем.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана-Сиань-Астана

В церемонии запуска приняла участие казахстанская делегация во главе с заместителем председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Ануаром Ахметжановым, а также представители китайской стороны, местных органов власти, туристических и транспортных организаций.

С большим воодушевлением прокомментировали значимое событие такие высокие гости, как господин Чжао Идэ – секретарь парткома КПК провинции Шэньси, господин Чжао Ган – губернатор провинции Шэньси, господин Фан Хун Вэй – секретарь парткома КПК города Сианя.

Поезд прибывает на станцию Алматы-2, преодолев более двух тысяч километров. А с 1 по 5 июня пассажиры из Поднебесной будут иметь возможность ознакомиться с достопримечательностями южной столицы Казахстана.

Состав поезда состоит из девяти вагонов, оборудованных с большим комфортом. Маршрут пролегает через пограничный переход Хоргос – Алтынколь, что обеспечивает удобное



сообщение между двумя странами. Этот проект стал результатом переговоров, в том числе между АО «НК «Қазақстан темір жолы» и мэрией города Сианя, руководством провинции Шэньси, а также поддерживается причастными министерствами и ведомствами двух стран.

Запуск туристического поезда приурочен к Году туризма Китая в Казахстане и направлен на укрепление культурных и экономических связей между двумя странами. В Казахстане



для туристов будет организован ряд культурных мероприятий.

В настоящее время данный маршрут является пилотным, однако в случае высокого спроса возможно его регулярное функционирование в будущем. Проект открывает новые перспективы для развития туризма и укрепления двусторонних отношений между Казахстаном и Китаем.

– Проект направлен на развитие ди-



пломатических отношений, расширение культурного диалога и продвижение туризма между нашими странами. Мы уверены, что эта поездка подарит гостям из Китая яркие впечатления и послужит основой для новых совместных инициатив, – отметил Ануар Ахметжанов.

К слову, поезд проследует через город Урумчи, пересечет международный пограничный переход Хоргос, где будет произведена смена колесных пар, и продолжит путь через станцию Алтынколь в направлении Алматы.

В туристическую группу вошли 246 человек, включая представителей бизнеса, ученых, актеров и спортсменов.

По словам самих туристов из Китая, они хотят познакомиться с историческим и культурным наследием южной столицы Казахстана, посетить знаковые достопримечательности, а также принять участие в культурных мероприятиях.

Фото Нұрсултана ИБРАЕВА

ЖОЛАУШЫЛАР САНЫ АРТТЫ



2025 жылғы шілде айынан бастап Қарағанды мен Астана арасында 567 орынға есептелген жүрдек электр пойызы жолға шығады. Ал осы күзде Астана – Бұрабай курорттық аймағы бағыты бойынша кезекті жаңа электр пойызы жүре бастайды. Жол жүру уақыты – 2,5 сағат, пойыздың сыйымдылығы – 360 жолаушы.

Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында Теміржол және су көлігі комитеті төрағасы Жәнібек Тайжанов мәлімдеді. Оның айтуынша, биыл 226 жаңа вагон сатып алу жоспарланған. Осы кезге дейін жыл сайын шамамен 150-180 вагон сатып алынса, биылдан бастап 2029 жылға дейін жыл сайын 200-ден астам вагон сатып алынады. Бұл 2029 жылға дейін жолаушы вагондары паркін толықтай жаңартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ биылғы жылдан бастап Stadler Kazakhstan зауыты да вагондарды шығаруға кірісті.

Ведомство өкілі, биыл Алакөлге, Балқашқа, Шымкентке, Алматы мен Астана қалалары арасында қатынайтын 12 қосымша бағдар қамтамасыз етілетінін атап өтті. Бұл шаралар қосымша 300 мың жолаушыны тасымалдауға мүмкіндік бермек.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша теміржол көлігімен 20,8 миллион жолаушы тасымалданып, өсім 6 пайызды құрады. Биыл 22 миллион жолаушы, оның ішінде жазғы кезеңде 7 миллион жолаушы тасымалданады деп күтілуде. Жолаушылар ағыны артқан сайын қолданыстағы пойыздардың құрамы кезең-кезеңімен ұзартылады, яғни қосымша вагондар жалғанады. Бұл шамамен 1 миллион қосымша орынды қамтамасыз етеді, – деді Жәнібек Тайжанов.

Ислам ТАЛҒАТ

ЗАВЕРШАЮТ ДОСРОЧНО



Завершается строительство вторых путей железнодорожного участка Достык – Мойынты. Его протяженность составляет 836 километров.

Реализация одного из крупнейших инфраструктурных проектов Казахстана позволит увеличить пропускную способность железной дороги на Китай в пять раз.

Строительно-монтажные работы на участке начались в начале 2023 года. Чтобы увеличить пропускную способность участка, всего было отсыпано порядка 8,2 миллиона кубометров земли, уложено более 800 километров железнодорожного полотна с учетом развития и модернизации 32 станций, построено 92 моста. Модернизированы системы энергообеспечения и связи. Внедрена отечественная система управления движением поездов.

– Фактически на всей линии уже завершены основные работы по укладке рельсошпальной решетки, строительству искусственных сооружений, завершены практические все мосты – 92 моста, установлены все водопропускные трубы. Идет активная работа по установке оборудования СЦБ, – отмечает управляющий директор по строительству АО «НК «ҚТЖ» Марат Искалиев. – В масштабной стройке участвовали исключительно казахстанские компании. У отечественных заводов закупили свыше 100 тысяч тонн рельсов и больше 1,5 миллиона железобетонных шпал.

Учитывая стратегическую значимость проекта и высокие темпы строительно-монтажных работ, движение по вторым путям будет запущено уже в июне. Это раньше нормативного срока строительства на два года.

Айлин БАУРЖАН

Инфрақұрылым

СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

Астанада ALSTOM компаниясының жаңа сервис орталығының іргетасы қаланды. Орталық аталған компания мен ҚР Үкіметі арасында 2003 жылы қол қойылған инвестициялық келісімнің маңызды бір бөлігі саналады. Нысаннан құрылысына 14 млрд теңгеден астам инвестиция салынды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жаңа нысанның іргетасын қалау рәсіміне Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіп комитетінің төрағасы Азамат Панбаев, Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Жәнібек Тайжанов, «Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры Айдар Рысқұлов, Қазақстанның Франциядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Гүлсара Арыстанқұлова, Францияның Сыртқы сауда және шетелде тұратын француздар мәселелері жөніндегі министрі-делегат Лоран Сент-Мартен, сондай-ақ Францияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сильван Гиог, «ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директоры Бауыржан Орынбасаров қатысты.

– «Alstom» компаниясы сервистік қызмет көрсету бойынша жобаларды іске асыру арқылы 4 өңірде 700-ден астам жаңа жұмыс орнын ашады, оның 400-і



Астанада болады. Сервистік қызметтерді дамытуға тартылған инвестициялардың жалпы көлемі 25 млрд теңгеден асады, бұл ретте Астанада сервистік қызметті құруға 14 млрд теңгеден астам қаражат салу көзделген. Бұл елдің өндірістік әлеуетін едәуір күшейтеді және теміржол саласының дамуына елеулі үлес қосады, – деді Азамат Панбаев. Жоба аясында алдыңғы қатарлы роботтандырылған және автоматтандырылған шешімдерді

енгізу көзделген, бұл сервистік операциялардың халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Отандық машина жасаудың стратегиялық маңызды бағыттарының бірі – электровоздарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуде локализация деңгейін өсіру.

– Біз бүгін ашып отырған жаңа бас сервистік орталық Қазақстан үшін ғана емес, Орталық Азия мен Кавказ елдері үшін де негізгі логистикалық және инженерлік

хабқа айналады. Орталық еліміздің локомотив паркін қолжетімділігі мен техникалық дайындығын едәуір арттыруға мүмкіндік береді, бұл әсіресе тасымалдау өсімі мен инфрақұрылымды жаңғырту жағдайында маңызды, – деді Жәнібек Тайжанов.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директоры Бауыржан Орынбасаров даму, масштабтау және жаңа технологияларды қолдану перспективаларына басымдық беріліп отырғанын атап өтті.

Alstom компаниясы Қазақстанның теміржол саласында 2010 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Кәсіпорында 1200 адам жұмыс істейді, компания республиканың көлік және инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосады. Орталық Азия мен Кавказдағы электровоздардың жалғыз өндірушісі бола отырып, Alstom алты қалада 10 өнеркәсіптік нысанды басқарады, оның ішінде Астанадағы электровоздарды құрастыру зауыты мен көптеген сервистік деполар бар.

НОВЫЙ ВИД РЕМОНТА ДЛЯ 2ТЭ25КМ

Новый вид ремонта грузовых магистральных тепловозов для АО «НК «Қазақстан темір жолы» освоили в сервисном центре Шалкар.



Любовь РОВБА,
Астана

В филиале ТОО «Қамқор Локомотив» – «Сервисный центр Шалкар» успешно выдан первый тепловоз 2ТЭ25КМ № 0679 после проведения ТО-7 (ТР-2) – технического обслуживания локомотива седьмого уровня.

Это плановый ремонт, направленный на поддержание работоспособности локомотива, он включает частичную разборку, диагностику, замену изношенных

элементов и настройку ключевых систем. Работы проводятся с использованием современного оборудования, а все детали проходят контроль качества.

В Казахстане этот вид ремонта для грузовых магистральных тепловозов серии 2ТЭ25КМ освоен впервые. Проект реализован ТОО «Қамқор Локомотив» с целью удовлетворения потребностей основного партнера – АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Так, ТОО «Қамқор Локомотив» модернизировало производствен-

ную инфраструктуру локомотиворемонтного депо Шалкар, закупив современное оборудование и обеспечив подготовку персонала. Также освоен ремонт ключевых агрегатов – турбокомпрессора ТК-35 и основного водяного насоса.

По результатам технического аудита, проведенного АО «НК «ҚТЖ», филиалу выдано свидетельство № 0270 и присвоен условный номер клейма 2505, подтверждающий право выполнения ТО-7 (ТР-2) для грузовых магистральных



тепловозов серии 2ТЭ25КМ.

К настоящему моменту отремонтированы два локомотива, третий (№ 0678) находится в завершающей стадии ремонта. До конца 2025 года планируется провести ТО-7 еще на 37 локомотивах этой серии принадлежности ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки».

Фото автора

2025 ГОД – ЗАВЕРШАЮЩИЙ В СИСТЕМЕ НАШЕЙ СОГЛАСОВАННОЙ С АКЦИОНЕРАМИ СТРАТЕГИИ РАЗВИТИЯ КОМПАНИИ С 2019 ПО 2025 ГОД. НЕСМОТЯ НА ПОНИМАНИЕ, ЧТО ТЕКУЩИЙ ГОД БУДЕТ ДОСТАТОЧНО СЛОЖНЫМ, У НАС ЕСТЬ ПЛАНЫ ИСПОЛНИТЬ ЗАЯВЛЕННЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА, ВЫПОЛНИТЬ ПРОГРАММУ И ДОСТИЧЬ РОСТА В 2025 ГОДУ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ ҚЫТАЙДЫҢ CRRC ZIYANG КОМПАНИЯСЫ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-НЫ SKD6S СЕРИЯЛЫ

62

МАНЕВРЛІК
ТЕПЛОВОЗЫМЕН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

ОСЫ МАМЫР
АЙЫНДА БІРІККЕН АРАБ
ӘМІРЛІКТЕРІНЕ БОЛАШАҚ
СТАНЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ

2 мың

ТОННА АСТЫҚ ЖӨНЕЛТІЛГЕН.

СИАНЬ ҚАЛАСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ-ҚЫТАЙЛЫҚ
ТЕРМИНАЛ ҚОЛДАНЫСҚА
БЕРІЛГЕН 2024 ЖЫЛДЫҢ
АҚПАНЫНАН БЕРІ

200 мың

ТОННАДАН АСТАМ ЖҮКТІ
ӨҢДЕГЕН.

ҚЫТАЙҒА ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ҰЛҒАЙДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Биыл 4 айда Қазақстан мен Қытай арасындағы теміржол тасымалының көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13% ұлғайып, 11,4 млн тоннаға жетті.

Достық шекаралық өткелі арқылы 6,2 млн тонна (өсім 5%), Алтынкөл арқылы 5,2 млн тонна тасымалданды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 24% артық. Соңғы бес жылда елдер арасында тасымалданған жүктердің көлемі 48% өсіп, 32 млн тоннаға жетті. 2020 жылдан бастап экспорт 13,7 млн тоннаны (өсім 25%) құрады, бұл ретте астық экспорты екі еседен астамға – 700 мың тоннадан 1,8 млн тоннаға дейін ұлғайды. 2024 жылы 3,3 млн тоннадан астам астық жүктері, оның ішінде 1,8 млн тонна астық және 1,5 млн тонна қайта өңдеу өнімдері экспортталды, оның 600 мың тоннасы ұн және басқа да ұнтақтау өнімдері (2023 жылға қарай +30%), ал 900 мың тонна – құрама жем. 2023 жылмен салыстырғанда 5 есе өсті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыру үшін ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды белсенді іске асыруда. 2024 жылы 1,4 мың шақырымнан астам жол жөнделіп, Достық – Мойынты, Дарбаза – Мақтаарал және Алматы станциясын айналып өтуді қоса алғанда, 1 мың шақырымнан астам жаңа жолдардың құрылысы жалғасуда. Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға ерекше назар аударылады. 2024 жылы Сиань қаласының Құрғақ портында қазақстан-қытай терминалы іске қосылды, соның арқасында ТХКБ бойынша транзит көлемі 30 есе өсті. ҚТЖ сонымен қатар Қытаймен шекарада инфрақұрылымды кеңейту бойынша жұмыс жүргізуде. Үшінші шекаралық өткелдің құрылысы жүргізілуде, ол қолданыстағы өткелдердің жүктемесін түсіруге мүмкіндік береді және тасымалдау көлемінің тұрақты өсуін қамтамасыз етеді.

ОЙЫН АЛАҢЫ БЕРІЛДІ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Болашақ станциясының балақайлары су жаңа ойын алаңына ие болды. Жақында ғана ауылдың кішкентай тұрғындарына базарлық ретінде бой көтерген алаңдық қолданысқа берілді. Жаңалыққа балалар ғана емес, ата-аналар да риза.

Болашақ ауылдық округі әкімі аппаратының ақпаратына сүйенсек, жоба құны 10 миллионнан асады. Ойын алаңында 300 шаршы метрге газон төселген. Онда ағаштан жасалған, шағын және секірмелі әткеншектердің ойын топтамасы мен карусель, сырғанақ, құм алаңы бар. Ата-аналар мен балаларға арналған аула орындықтары және олардың қасына қоқыс жәшіктері орнатылған. Бұл Болашақ тұрғындары үшін соңғы кезде жасалған жалғыз игілікті іс емес. Биылғы бес айдың есебін қорытындылаған ауыл әкімі Сыйлыбай Аманқұлов құны 11,9 млн теңгегін құрайтын, заманауи жабдықталған балалар ойын алаңы пайдалануға берілсе, тағы бір ойын алаңы мен ұзындығы 4700 шаршы метрді құрайтын жаяу жүргіншілер жолы, орталық саябақ, волейбол, баскетбол алаңдары салынып жатқанын тілге тиек етті. Айтуынша, станция көшелері түнгі уақытта да жарқырап тұрады. Жарықтандыру бағытында көшелердегі және ашық футбол ойын алаңындағы істен шыққан ескілері алынып, 45 дана LED жарық шамдары орнатылған.

Суретті түсірген автор



«Қазтеміртранс» АҚ өтімді емес және талап етілмеген өтімділікке жатқызылған, тауар материалдық қорларды сату жөніндегі Комиссия отырысының 2025 жылдың 28 мамырдағы №4 хаттамасына 2-қосымша

САУДА ЖАЙЛЫ ЕСКЕРТПЕ

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы 2025 жылғы 18 маусымда сағат 10:00-ден 15:00-ге дейін өтетін «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының өтімді емес санатқа жатқызылған тауарлық-материалдық қорлардың бағасын көтеру бойынша сату Аукцион түрінде электронды сауда өткізетіндігін хабарлайды, (Астана уақыты бойынша) www.qazupa.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында өтеді. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының шешімімен (2020 жылғы 12 маусымдағы №02/19 хаттама) бекітілген талап етілмеген өтімді және өтімсіз тауар – материалдық қорларды басқару жөніндегі әдістемесіне және «Ақпараттық-есептік орталық» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылдың 23 мамырындағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тіркелімінің веб-порталында мүлікті сатуды өткізу туралы регламентке (ары қарай – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады. Төмендегідей өтімді емес санатқа жатқызылған тауарлық-материалдық қорларға аукцион жарияланғанды:

1-лот – бүйір рама 100.00.020-0,100.00.020-3сб (18-100 үлгісіндегі немесе 2 типтегі ГОСТ 9246 арбаларға арналған) 80 дана, бастапқы бағасы 28 853 888 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 4 328 084 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Шымкент қ., микрорайон МПС, 47/3;

2-лот – бүйір рама QСZ156XL-20-00 (18-100 үлгісіндегі немесе 2 типтегі ГОСТ 9246 арбаларға арналған) 2 дана, бастапқы бағасы

КӨРСЕТКІШТЕР ӨСІМІ БАЙҚАЛАДЫ



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Өткен жылы Арыс станциясындағы «Д» паркі қайта қалпына келтіріліп, іске қосылғаны мәлім. Нәтижесінде, станцияның өндірістік көрсеткіші мен вагон өңдеу көрсеткіштері күрт жоғарылаған. Аталған парктегі №24-27 нөмірлі жолдың тақ жүйесіндегі 4 жол мен «Е» сұрыптау паркіндегі №81-88 жолдың 8 жолы қалпына келтіріліп, осындағы жолдарға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Тіпті ағаш шпалдар темірбетонды шпалға, содан кейін Р-50 рельстері Р-65 рельстеріне ауыстырылған. Сол сияқты ауыр техникалар көмегімен сұрыптау паркіндегі 5,4 шақырым жолға темірбетонды шпалдар төселіп, №2 бағыттағыш бұрмаға дейінгі аралықтағы 850 метр жол жөнделіп, 14 жинақ бағыттағыш бұрма жаңартылған. Оған қоса 6 дана вагон жылдамдығын баяулатқыштар мен СБЗПУ желісі, бағдаршамдар мен ішінара кейбір бағыттағыш бұрмалардың бөлшектері де ауыстырылған. Осылайша, «Д» мен «Е» паркі толық жарықтандырылуы нәтижесінде жұмыс өнімділігі артып, өндірістік жарақат алу көрсеткіші де күрт төмендеген. Жалпы, Арыс-1 станциясының сұрыптау деңсіндегі жұп жолды қайта қалпына келтірудің алғашқы кезеңі осылайша іске асырылған.



Нәтижесінде станцияның вагон айналым көрсеткіші едәуір жоғарылаған. Айталық, бұрын станцияның тәуліктік пойыз өңдеу әлеуеті 98 болса, қазіргі кезде 116 жұпқа, яғни 18 жұп пойызға артқан. Бұл көрсеткіштің 20 пайызға көтерілгенін айғақтайды. – Негізінен, Түркістанға шығар жол бойындағы іргелес станцияларда жүк пойыздарының кезектен тыс тұрып қалуы қысқарып, «А» паркіндегі тақ жолдардың бос еместігіне байланысты маршруттық бағдаршамдар алдында пойыздардың кідірісі де азайды, – дейді бүгінде станция бастығының орынбасары Эдуард Дербісов. «Бір нәрсе екінші нәрсеге себепші болады» демекші, жоғарыдағы «қысқару» мен «азаюдың» әсері орташа тәуліктік көрсеткіш бойынша 9 тонна дизельдік отынның қысқаруына септігін тигізген. Өйткені тәулігіне 5-6 пойыз қабылдайтын парктегі бағдаршам тұсында

әрбір тепловоз 15-25 минут еріксіз аялдауға мәжбүр болады екен. Сала мамандарының айтуынша, станцияға жүк вагондары негізінен 3 бағыт бойынша – «Солтүстік», «Оңтүстік» және «Шығыстан» келеді. Ал сұрыптау паркіндегі бір ауысымдық жұмысқа 7 тепловоз бен 2 электровоз жұмылдырылады. Қазіргі кезде Түркісіб, Ақтоғай, Орск бағыты бойынша қосымша пойыздар қалыптастырылып, Алтынкөл бағыты бойынша фитингтік-бос вагондар бағыты жасақталуда. Осылайша, Түркістан облысы аумағындағы ең үлкен сұрыптау паркінің жылдың алғашқы тоқсанындағы вагон айналымының тәуліктік орташа көрсеткіші 7 243 вагонды құрап, жоспар 101,5 пайызға орындалған. Ал пойыз қабылдау 71 пойызға, ал жөнелту 73 пойызға тең түсіп, пайыздық көрсеткіштің орташа деңгейі 108%-ке жеткен.

Суретті түсірген автор

Оқу-жаттығу

ШИРАҚ ҚИМЫЛ, ҮЙЛЕСІМДІ ӘРЕКЕТ...

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Шиелі өрт сөндіру пойызы теміржолшыларының кәсіби дағдысын шыңдау мақсатында Шиелі станциясында құрылымдық мекемелермен бірлесіп өрт-тактикалық жаттығуын өткізді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Шиелі өртке қарсы күрес пойызының бастығы Ғалымжан Болғанбаев пен құзырлы органдардың жетекшілері басшылық жасап, бақылауға алған жаттығуға аталған пойыз ұжымы, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, Қызылорда электрмен жабдықтау, сигнализация және байланыс, жол дистанциясы мекемелері және әскери-теміржол қызметінің қызметкерлері қатысты. Сағат 09:59-да станцияның бесінші жолына №2818 жүк пойызы тоқтаған. Сол сәтте оның құрамындағы «Бензин» деп белгіленген жетінші вагоннан түтін байқалады. Жол қызметкерлері жедел түрде тиісті құрылымдарға хабарлап, үш минут ішінде қауіпті вагонды пойыз құрамынан ажыратып үлгереді. Жағдай өрт сөндірушілердің дайындығын бағалап, үш минут ішінде қауіпті вагонды өрекеті ширақ, сенімді, нақты болды. Сағат 10:10-да өрт сөндіру пойызы оқиға орнына келіп, жағдайды бағалап, бағыт-бағдарын анықтап, нақты қимылыға көшеді. Сағат 10:08-де өрт ошағы оқшауланып, 10:14-те толықтай сөндіріледі. Жаттығу 10:35-те сәтті қорытындыланды. – Жаттығу барысында әріптестерімнің шапшаң ойлап, дұрыс шешім қабылдауы, бір-бірімен ымыраласып, үйлесімді қимылдауы, бағытты нақты анықтап, өртті дер кезінде оқшаулап, сөндіре алуы – осындай тәжірибелік жаттығулардың пайдасын



көрсетеді. Теорияны тәжірибемен ұштастыру – мамандардың кәсіби дайындығын арттырады. Кәсіби дайындық – қауіпсіздіктің кепілі, – дейді Өртке қарсы күрес пойызының бастығы Ғалымжан Болғанбаев. Ерлік еңбекпен өлшенетіндіктен, теміржолшылардың жаттығу кезіндегі әрекеті, қимылы, тактика, амал-айдалары – бәрі назардан тыс қалмай сарапқа салынды. Жаттығу барысында кәсіби шеберлігімен ерекше көзге түскендер аз болмады. Мәселен, аға өрт сөндіруші Жалғас Ибатаев, бөлімше басшылары Оңал Самат пен Жұмасөитов Болат, өрт сөндірушілер Жанабеков Жандос пен Жанайдарұлы Досхан, көлік жүргізушілер Алдан Қасиет, Шайхымбеков Ахмет, Өтегенов Нұрбек өздерінің шеберлігін дәлелдеді. Олар қиын сәттегі табандылығы мен ұйымшылдығы арқылы еріптестеріне үлгі бола білді. Мұндай жаттығулар – қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі үздік тәсіл. Себебі шынайы жағдайда дәл осындай дайындық пен дағды өмір мен өлім арасындағы басты өлшемге айналады.

Суретті түсірген автор

ЖҰМЫСҚА ТҰРУДЫҢ ЖАҢА ТӘРТІБІ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында жұмысқа алу тәртібі автоматтандырылған жүйеге көшірілген.

Мамандар кадр бөліміне келмей, арнайы «Job.railways.kz» сайтына тіркеліп, құжаттарын тапсырып, өтініш бере алады. «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жамбыл өңірі аумағындағы құрылымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысының жағдайы қаралды. Жамбыл филиал директоры Айдын Сейтбенбетов филиалда осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың барысын баяндады. Директордың айтуынша, мекеме қызметкерлері мен жұмысқа қабылданушы арасында ешқандай байланыс жоқ. Тек қана соңғы кезеңде ғана сұхбат алу үшін шақыртылады. Әңгімелесу барысында жемқорлық әрекетін болдырмау үшін аудио және видео бақылауымен таспаға түсіріледі екен. Дерекке сүйенсек, соңғы бес жылда Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі филиалында Сыбайлас жемқорлық әрекеттерге бірқатар мекеме қызметкері жол берген. Олар мемлекет тарапына келтірген шығындарды өтеп, заң алдында тиісті жауап берген. Осы кемшіліктерді ескере отырып, Жамбыл бөлімшесі филиалы бүгінде сыбайлас жемқорлықпен жұмысты күшейтіп, қызметкерлерді арнайы оқыту курстарына жіберіп, ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізуді күшейткен.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тізілімінің веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап тізілімнің веб-порталында жүргізіледі және сауда-саттық басталғанға дейін бес минут бұрын аяқталады. Сауда-саттықтарға қатысу үшін тізілім веб-порталына төмендегілерді көрсетіп алдын ала тіркелуі қажет:

- 1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда);
- 2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, бірінші басшысының тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда);
- 3) кепілдік жарналарды қайтару үшін екінші деңгейдегі банктерде банктік есепшоттың деректемелерін /реквизиттерін/;
- 4) байланыс деректерін (пошталық мекен-жайы, телефон, факс, e-mail).

Тізілім веб-порталына енгізілген жоғарыдағы деректер өзгерген жағдайда қатысушы бір жұмыс күні ішінде деректерді өзгертеді. Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік салымды қайтармайды. Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижесін белгілейтін және жеңімпаз бен сатушының міндеттерін сауда бағасы бойынша нысанды сату-сатып алу шартына қол қойған құжат болып табылады. Жеңімпаз сату-сатып алу туралы шартқа сауда веб-порталда өткен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қол қояды. Сайысты өткізу талаптары, саудаға қатысушыларды рәсімдеу тәртібі, Жеңімпазды анықтау талаптары туралы толық ақпараттармен «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ сайтындағы Регламенттен танысуға болады. Сауданы өткізу туралы қосымша ақпараттарды www.e-qazupa.kz сайтынан немесе мына телефон нөмірлері арқылы білуге болады: 8 (7172) 55-29-81 («Ақпараттық-есептік орталық» АҚ) және +7 747 702 28 78 («Қазтеміртранс» АҚ).

Итоги



МЕЛКИЕ НЕДОЧЕТЫ ВЛЕКУТ СЕРЬЕЗНЫЕ ПОСЛЕДСТВИЯ

В Алматинском отделении грузовых перевозок, отделении магистральной сети подвели итоги весеннего комиссионного осмотра.

 **Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Возглавил комиссию главный инженер Алматинского отделения ГП Сабыр Имангалиев.

По итогам весеннего комиссионного осмотра становится очевидным, что на ряде участков наблюдаются системные нарушения и недостатки, устранение которых не проводится своевременно. Это наводит на мысль о снижении уровня контроля со стороны ответственных руководителей.

К примеру, на станциях Каракум, Сары-Курак, Тауарасы, Майтобе, Жетысу отсутствует необходимая техническая и поездная документация. Технические занятия проводятся чисто номинально. На станциях Лепсы, Сарыкурак не проведена оценка знаний работников в виде зачета, отсутствуют опросные листы, журнал оценки усвоения изученных тем.

– Отсутствие оперативного реагирования на выявленные неисправности, несвоевременное выполнение регламентных работ, а также недостаточный уровень взаимодействия между службами указывают на необходимость усиления контроля, повышения ответственности

исполнителей и руководителей всех уровней, – считает главный региональный ревизор Мейрамбек Серикбаев.

По мнению главного ревизора, мелкие упущения, оставшиеся без должного внимания, – провисшая шпала, неисправный водоотвод, незаполненный журнал – со временем накапливаются в системные проблемы, угрожающие безопасности движения.

По локомотивному хозяйству был выдвинут ряд замечаний, в частности, практически во всех депо машинистами-инструкторами не проводится на должном уровне воспитательно-профилактическая работа с локомотивными бригадами. Результаты показали, что в эксплуатационных депо Алматы, Матай, Актогай не организована работа с дежурными по депо, допускаются нарушения выполнения должностных обязанностей, отсутствует контроль со стороны командно-инструкторского состава и контроль за нормативно технической документацией локомотивных бригад.

Касательно вагонного хозяйства, в период проведения весеннего комиссионного осмотра выявлено 128 нарушений. К слову, руководителями ВЧД-26 Достык при выполнении норма-

тивов личного участия выявлены факты формального подхода, неправильно производятся расчеты при проверке скоростей соударения вагонов при роспуске с горки. Также при осуществлении внезапных проверок не приняты запретные меры. Руководителями ВЧД-25 Алматы ослаблен контроль на КП станции Жетысу, Медеу, Ортакудык, Жарсу.

В хозяйстве пути и сооружений выявлено 187 нарушений. На отдельных участках выявлены просадки пути, а также ненадлежащее состояние железнодорожных переездов. На станциях Актогай, Каратас, Актогай-Восточный, Матай наихудшее состояние текущего содержания стрелочных переводов и станционных путей из-за кустовой гнилости шпал и перовдных брусьев, где имеется высокий риск к нарушению безопасности движения. Кроме того, на сортировочных путях № 24, 25 станции Актогай не устранена загрязненность балласта сыпучими материалами местами вплоть до уровня головки рельса, сверхнормативные вертикальные износы головок рельсов близки к критическим, что в дальнейшей эксплуатации может привести к нарушению безопасности движения.

Особую тревогу вызывает не-

удовлетворительное состояние и станционных путей станций Коскудук, Сарыозек, Айнабулак, Уштобе, где были приняты запретные меры вплоть до закрытия путей и стрелочных переводов. Руководством Достыкской дистанции пути не на должном уровне организована работа по текущему содержанию пути, своевременно не производится уборка кустов, шпал на путях станции Достык, а также изношенных металлических частей стрелочных переводов.

При объездах руководителями дистанции пути не выявляются нарушения по недостаточности щебня в плече балластной призмы на бесстыковом пути и не принимаются меры по приведению их в соответствие.

В хозяйстве сигнализации и связи тоже не все безоблачно. В ходе проведения осмотра выявлено 69 замечаний. Выявленные замечания в содержании устройств СЦБ и связи свидетельствуют об отсутствии системного контроля за выполнением должностных обязанностей старших электромехаников и начальников участков.

